

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 сәуір N 519. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.23. N 878 қаулысымен. ~P970878

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 P951442_ және "Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 P951901_ қаулыларына сәйкес және бірыңғай ұлт пен тіл саясатын жүргізуді күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлт саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 қыркүйектегі N 1263 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 379 - бап) :

1-тармақтың екінші абзацындағы "және оның жергілікті жерлердегі құрылымдарына" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мемұлткомына мемлекеттің ұлт саясатын жүзеге асыру және өзіне жүктелген құзыреттер шегінде шешімдер қабылдау және оларды барлық министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдардың, поселкелердің әкімдерінің, ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың орындауын бақылау құқығы берілсін" ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Мемұлткомының орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындары қаржыландыру республикалық бюджетте мемлекетті

басқару органдарын ұстауға қаралған қаржы есебінен жүзеге асырылсын";

10-тармақ алынып тасталсын;

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай ұлт және тіл саясатын, Қазақстан халықтарының мәдениетін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын түсіндіру мен жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Мемұлткомының қазақ және орыс тілдеріндегі баспа органын құру туралы ұсыныс енгізісін";

11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18-тармақтар тиісінше 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17-тармақтар болып саналсын.

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережедегі:

3, 13, 16-тармақтар алынып тасталсын;

6-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдардың, поселкелердің әкімдерінің, ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың орындалуын бірыңғай ұлт және тіл саясатын жүргізудегі қызметін үйлестіру және бақылау";

8-тармақтың екінші, үшінші және бесінші абзацтары тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттің ұлт саясатын жүзеге асыру тұрғысында және өзіне жүктелген қызмет шегінде министрліктер, мемлекеттік комитеттер, облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдардың, поселкелердің әкімдері, ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, сондай-ақ барлық мемлекеттік емес құрылымдар орындауға міндетті шешімдер қабылдау";

"Қазақстан Республикасы Президентінің, парламентінің, Үкіметінің ұлт және тіл саясаты жөніндегі нормативтік актілерінің орындалуы жөнінде министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, облыстардың, қалалардың, аудандардың, ауылдардың, поселкелердің әкімдерінен, ұйымдардан, мекемелер мен кәсіпорындардан, лауазымды адамдардан мәліметтер мен құжаттар алу";

"өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша министрліктерді, мемлекеттік комитеттерді, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерін, алқа мәжілістерінде тыңдау, Қазақстан Республикасы Мемұлткомының шешімдері мен ұсынымдарын орындамаған жағдайда осы органдардың басшыларына шаралар қолдану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу".

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27.
N 1655 қаулысымен. P961655_

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК